

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан
шыға бастадыӨзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті№89 (3354), сәрсенбі,
5 ноябрь, 2025 жылГЛОБАЛ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІ НЫҒАЙТУ БОЙЫНША
БАСТАМАЛАР КӨТЕРІЛДІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Қатар Мемлекетінің Әмірі Шейх Тамим бин Хамад Әл-Сонидің шақыруына орай 3-4 ноябрь күндері Әлеуметтік даму бойынша екінші Дүниежүзілік саммитке қатысу үшін іс жүзіндік сапармен осы елге барды.



Мемлекет басшысы 4 ноябрь күні Дохада өтіп жатқан Әлеуметтік даму бойынша екінші Дүниежүзілік саммитке қатысты.

Саммитке Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш, Қатар мемлекетінің Әмірі шейх Тамим бин Хамад Әл-Сони, БҰҰ Бас Ассамблеясының Төрағасы Анналена Бербок, БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің төрағасы Лок Бахадур Тхапа, мемлекет және үкімет басшылары, халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Президент сөзінің басында форумға жоғары деңгейде дайындық көрсеткені үшін ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, жаһандық әлеуметтік даму үшін маңызды платформа болып табылатын саммиттің дәл

Дохада өтіп жатқанының, оның үлкен рәміздік мәні бар екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы соңғы жылдары Қатар әлеуметтік интеграция мен қарқынды даму орталығына айналғанын атап өтіп, осы ел халқын қол жеткізген жетістіктерімен шын жүректен құттықтады.

Біздің Президентіміз бүгінде әлемдік қауымдастық пен ұлттық үкіметтер әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін бірлесіп жұмыс істеп жатқанын айтты. Өзбекстан өз кезегінде тұрақты дамуға бағытталған халықаралық ынтымақтастықтың барлық форматтары мен бастамаларын әрқашан қолдайды.

Соңғы жылдары Жаңа Өзбекстанда “Адамның қадір-қасиеті

үшін” қағидаты басымдыққа ие, әлеуметтік әділеттілік қамтамасыз етілген және халықтың ең осал топтары тиімді қорғалатын әлеуметтік мемлекет құру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

— Соңғы жылдары біз кембағалдықты деңгейін 35 пайыздан 6,6 пайызға дейін төмендетуге қол жеткіздік. Біз осы бағыттағы реформаларды жүзеге асыруды жалғастырамыз, — деді Президентіміз.

Мемлекетіміздің басшысы жаһандық әлеуметтік әділеттілік пен тұрақты дамуды нығайтуға бағытталған бірқатар ұсыныстар мен бастамаларды ұсынды.

Кембағалдықпен күресте халықаралық ынтымақтастықты жана деңгейге көтерудің маңыздылығы атап өтілді.

“Біз дамушы елдердегі әлеуметтік бағдарламаларға ресурстарды кеңінен тарту үшін кембағалдықпен күресудің жана қаржылық архитектурасын жасау уақыты келді деп санаймыз”, — деді Президентіміз.

Осыған байланысты кембағалдықты және әлеуметтік теңсіздікті азайтуға практикалық көмек көрсететін Жаһандық әлеуметтік әділеттілік қорын құру ұсынылды.

Мемлекетіміздің басшысы жұмыспен қамту мәселелерін тиімді шешу үшін заманауи механизм енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Айтылғандай, жоғары технологиялар мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы бүкіл әлемде миллиондаған жұмыс орындарының қысқаруына әкеліп соғуда. Мұндай жағдайда мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы белсенді ынтымақтастық қызметкерлерді қолдау және әлеуметтік серіктестік қағидаттарын нығайту үшін ерекше маңызды.

Президент “Әлеуметтік жауапкершілік және лайықты еңбек бойынша жаһандық бастаманы” әзірлеу туралы ұсыныс қолдау табатынына үміт білдірді.

Барлығы үшін білім беру мүмкіндіктерін кеңейту әлеуметтік мәселелерді шешудің ең тиімді жолдарының бірі екені атап өтілді.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, сауатсыздықтан жыл сайынғы экономикалық шығын 1,4 триллион АҚШ долларын құрайды.

Бұл, Президентіміз атап өткендей, жастардың қоғамда және еңбек базар өз орнын табуын қиындатады және әлеуметтік теңсіздікті арттырады.

Мемлекет басшысы Өзбекстан кеше өткен Аштық пен кедейшілікке қарсы күрес жөніндегі жаһандық альянстың бірінші жиынында қабылданған шешімдерді толық қолдайтынын атап өтті.

Альянстың алдағы саммиттерінің бірін Өзбекстанда өткізу және білім беру мәселелерін күн тәртібінің негізгі тақырыбы ету ұсынылды.

Еңбек мигранттары мен олардың

отбасы мүшелерін жүйелі қорғау қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Өзбекстан Халықаралық еңбек ұйымы және Халықаралық көші-қон ұйымымен бірлесіп, Ташкентте мигранттар мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік және құқықтық қорғау бойынша халықаралық форум өткізуге, сондай-ақ осыған байланысты жаһандық бағдарлама қабылдауға дайын.

Президент климаттың өзгеруінің қоғамдық өмірге әсері артып келе жатқанын атап өтті. Ауа райының күрт өзгеруі, шөлейттену және био-әртүрліліктің жоғалуы халықтың осал топтарының, ең алдымен фермерлердің, наудандық жұмысшылардың және экологиялық жағдайы қиын аймақтарда тұратын адамдардың өміріне кері әсерін тигізуде.

Мемлекет басшысы климаттың өзгеруіне қарсы күресті жұмыспен қамту бағдарламаларымен біріктіру үшін кешенді шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Өзбекстан БҰҰ тарапынан экологиялық инновациялар мен технологиялар аймағы деп жарияланған Арал теңізі аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуының жана моделін іске қосуды көздеп отырғанын мәлімдеді және бұл тәжірибені әлемдік қауымдастықпен бөлісуге дайын екенін білдірді.

Саммитте қабылданған шешімдер бүкіл әлемдегі миллиондаған адамдарға үміт сыйлайтынына және тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосатынына сенім білдірілді.

“Халықаралық даму жолында әлеуметтік келісімді жанарту және барлығына лайықты өмір салтын қалыптастыру — біздің басты міндетіміз”, — деді Мемлекет басшысы.

Сонында, Өзбекстан Президенті саммитте қабылданған Доха саяси декларациясын толық қолдайтынын және оның барлық қағидаттарын жүзеге асыруға дайын екенін растады.

Дохаға жұмыс сапары аясында

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Қатар мемлекетінің әмірі шейх Тамим бин Хамад Әл-Сонимен кездесу өткізді.

Өзбекстан-Қатар стратегиялық серіктестігін нығайту және көп қырлы практикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қарастырылды.

Сұхбат басында мемлекет басшысы Қатар әмірін Әлеуметтік даму бойынша екінші дүниежүзілік саммиттің сәтті өтуімен шын жүректен құттықтады.

Әр түрлі деңгейлерде тиімді диалог пен алмасулар жүргізіліп жатқаны үлкен қанағаттанушылықпен атап өтілді. Жыл басынан бері сауда көлемі 45 пайызға өсті. Жетекші қатарлық компаниялардың қатысуымен ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Парламентаралық және мәдени-гуманитарлық қатынастар дамып келеді.

“Жасыл” энергетика, көлік, геология, тоқыма өнеркәсібі, туризм, инфрақұрылымды дамыту және басқа да салалардағы ынтымақтастық жобаларын ілгерілетуге ерекше назар аударылды.

Халықаралық және аймақтық өзекті мәселелер бойынша пікір алмасылды.

Сонымен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың Қатар Мемлекетіне жұмыс сапары аяқталды.

Шейх Хамад атындағы халықаралық әуежайда Өзбекстан Президенті Премьер-Министрдің орынбасары, Қорғаныс министрі Шейх Сауд бин Абдурахмон Әл-Сони және басқа да ресми тұлғалар шығарып салды.

Мемлекетіміз басшысы АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруына орай Орталық Азия елдері және Америка Құрама Штаттары жетекшілерінің “C5+1” форматындағы саммитіне қатысу үшін Вашингтон қаласына кетті.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы
Президентінің Баспасөз
қызметі суреті.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ
БОЙЫНША ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САММИТТЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті төрайым ханым
Құрметті Бас хатшы мырза!
Құрметті мемлекет және үкімет басшылары!

Құрметті бауырым, Қатар Әмірі Шейх Тамим Әл-Сониге Дүниежүзілік саммитті тамаша ұйымдастырғаны және жылы қонақжайлылығы үшін терең алғысымды білдіргім келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерришке осы конференцияны ұйымдастыруға қосқан жеке үлесі үшін ерекше алғысымды білдіргемін.

Әлемдік әлеуметтік даму үшін маңызды платформа болып табылатын саммиттің дәл Дохада өтуі үлкен рәміздік маңызға ие.

Қатар мемлекеті соңғы жылдары әлеуметтік интеграция мен қарқынды дамудың жаһандық орталығына айналууда. Мен Қатар халқын осындай тамаша жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінде әлемдік қауымдастық пен ұлттық үкіметтердің әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету және халықтың өмірін жақсарту үшін бірлесіп жұмыс істеп жатқаны аса маңызды.

Өзбекстан тұрақты дамуға бағытталған барлық халықаралық ынтымақтастық форматтары мен бастамаларды әрқашан қолдайды.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Соңғы жылдары біз Жаңа Өзбекстанда

“Адамзаттың қадір-қасиеті үшін” қағидаты үстемдік ететін, әлеуметтік әділеттілік қамтамасыз етілетін және мұқтаж халық тиімді қорғалатын қоғам құрып келеміз. Бұл жолдағы біздің берік ұстанымымыз жана Конституциямызда нығайтылды және еліміздің әлеуметтік мемлекет ретіндегі мәртебесі жарияланды.

Бұрын шашыранқы әлеуметтік қорғау бағдарламалары бірыңғай құрылымға — Әлеуметтік қорғау жөніндегі ұлттық агенттікке біріктірілді. Біздің жана әлеуметтік қорғау моделіміз қоғамның ең төменгі деңгейі, махалладан бастап әрбір үйді және отбасын қамтиды.

Соңғы жылдары біз кембағалдық деңгейін 35 пайыздан 6,6 пайызға дейін төмендетуге қол жеткіздік. Біз осы бағыттағы реформаларды жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Құрметті саммитке қатысушылар!
Әлемде болып жатқан күрделі экономикалық және әлеуметтік үдерістердің қазіргі жағдайында мен келесі ұсыныстарды айтқым келеді.

Біріншіден, кембағалдықпен күресте халықаралық ынтымақтастықты жана деңгейге көтеру маңызды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша, бүгінде әлемде 1,1 миллиард адам кедейшілікте өмір сүреді.

Біз дамушы елдердегі әлеуметтік бағдарламаларға ресурстарды кеңінен тарту

үшін кембағалдықпен күресудің жана қаржылық архитектурасын жасау уақыты келді деп санаймыз.

Осыған байланысты біз әлеуметтік теңсіздікті және кембағалдықты азайтуға практикалық көмек көрсететін Жаһандық әлеуметтік әділеттілік қорын құруды ұсынамыз.

Екіншіден, жұмыспен қамту мәселесін тиімді шешу үшін жана, заманауи механизмді іске қосу өте маңызды.

Халықаралық еңбек ұйымының есебіне сәйкес, 2024 жылы жаһандық жұмыссыздық деңгейі 5 пайызды құрады. Жоғары технологиялар мен жасанды интеллекттің жылдам енгізілуі әлемде миллиондаған жұмыс орындарының жоғалуына әкеліп соғуда.

Мұндай жағдайда үкіметтер мен бизнес әлеуметтік серіктестер ретінде қызметкерлерді қолдауға үлкен назар аударуы керек.

Осыған байланысты әлеуметтік жауапкершілік және лайықты еңбек бойынша жаһандық бастаманы әзірлеу туралы ұсынысымызды мақұлдайсыз деп сенеміз.

Үшіншіден, әлеуметтік мәселелердің тиімді шешімдерін барлығы үшін білім беру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы табуға болады.

Сауатсыздықтың жыл сайынғы экономикалық шығыны қазіргі уақытта 1,4 триллион АҚШ долларын құрайды деп есептеледі. Бұл жас ұрпақтың әлеуметтік өмірде және еңбек базар өз орнын табуын қиын

датады және теңсіздіктің күрт артуына әкеледі.

Біз кеше өткен Аштық пен кембағалдықты қарсы жаһандық альянстың бірінші отырысының шешімдерін толық қолдаймыз. Біз оның болашақ жиынының бірін Өзбекстанда өткізуді және білім беру мәселесін күн тәртібінің негізгі мәселесі ретінде белгілеуді ұсынамыз.

Төртіншіден, еңбек мигранттары мен олардың отбасыларын жүйелі түрде қорғау қажеттілігі артып келеді.

Бүгінде әлемнің басқа елдерінде 300 миллионнан астам мигрант жұмыс істейді. Өкінішке орай, олардың құқықтарының бұзылуының көптеген жағдайлары бар.

Келесі жылы мен Өзбекстанда халықаралық еңбек және көші-қон ұйымдарымен бірлесіп, мигранттар мен олардың отбасыларын әлеуметтік және құқықтық қорғау бойынша халықаралық форум өткізуді сондай-ақ жаһандық бағдарламаны қабылдауды ұсынамын.

Бесіншіден, бәріміз климаттың өзгеруінің әлеуметтік өмірге әсерін анық сезініп отырмыз.

Қатты ауа райы, шөлейттену, биоәртүрліліктің жоғалуы, ең алдымен, осал топтардың — фермерлердің, наудандық жұмысшылардың және қиын экологиялық жағдайдағы аймақтар тұрғындарының өміріне кері әсерін тигізеді.

Климаттың өзгеруіне қарсы күресті жұмыспен қамту бағдарламаларымен біріктіру үшін кешенді шаралар қабылдау өте өзекті міндет. Осыған байланысты біз Біріккен Ұлттар Ұйымының резолюциясымен экологиялық инновациялар мен технологиялар аймағы деп жарияланған Арал теңізі аймағында әлеуметтік-экономикалық дамудың жана моделін іске қосуды көздеп отырмыз. Және бұл бағыттағы тәжірибемізді әлемдік қауымдастықпен бөлісуге дайынбыз.

Құрметті делегация басшылары!
Бүгін қабылдап жатқан қаулыларымыз сөзсіз бүкіл әлемдегі миллиондаған адамдарға сенім мен үміт сыйлайды, тұрақтылық пен әл-ауқатты қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады.

Халықаралық даму үшін әлеуметтік келісімді жанарту және әрбір адам үшін лайықты өмір салтын қалыптастыру біздің басты міндетіміз.

Осы тұрғыдан алғанда, біз бүгін қабылданған Доха саяси декларациясын сөзсіз қолдаймыз. Біз онда көрсетілген қағидаттарды толық жүзеге асыруға дайынбыз. Сөзсіз, бұл тарихи декларация Тұрақты даму мақсаттарына жету үшін ортақ күшжігерді нығайтуға қызмет етеді.

Сөзімің соңында, баршанызға сәттілік пен жетістік, сондай-ақ Дүниежүзілік саммиттің жұмысына табыс тілеймін.

Назарларыңыз үшін рақмет.



Диалог пен сенім

АЙМАҚТЫҚ БІРЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҚАРАЙ

Ферғана аңғары — Орталық Азияның жүрегінде орналасқан, тарихи тұрғыдан біртұтас мәдени және экономикалық кеңістік. Бүгінде ол үш мемлекет — Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан аумақтарына бөлінгенімен, ортақ тарихи байланыстар мен халықтар арасындағы тығыз қатынастар бұл өңірді біртұтас жүйе ретінде біріктіріп тұр.

Алайда су, жер, шекара және экологияға байланысты мәселелер әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Соған қарамастан, соңғы жылдары Президент Шавкат Мирзияев ұсынған “Жаңа Орталық Азия” саясатының іс жүзіндік нәтижесі ретінде Ферғана жазығы барған сайын бірлік пен ынтымақтастықтың нышанына айналып келеді. Бұл үдерісте мемлекеттер арасындағы диалогпен қатар, азаматтық қоғам институттарының — әсіресе Бей-мемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың (ББҰ) белсене қатысуы үлкен маңызға ие.

Ферғана бейбітшілік форумы

— диалог пен сенім алаңы

Биылғы жылдың 15-16 октябрь күндері Ферғана қаласында өткен алғашқы “Ферғана бейбіт-

шілік форумы” өңірлік ынтымақтастық жолындағы маңызды қадам болды. Форумға 500-ден астам қонақ, соның ішінде Орталық Азия, ТМД, Азия, Еуропа және Америка елдерінен 300-ден астам қатысушы келді. Шараның басты идеясы — Ферғана жазығын сенім мен ынтымақтастық кеңістігіне айналдыру еді.

Форумның ерекше қыры — оның инклюзивтілігі болды. Онда мемлекеттік органдармен қатар жастар, әйелдер, махалла белсенділері және азаматтық қоғам өкілдері де қатысты. Бұл форумды шынайы “халық дипломатиясы” алаңына айналдырды.

Талқылаулар барысында қауіпсіздік, шекара маңындағы ынтымақтастық, су ресурстарын тиімді пайдалану, экономикалық

серіктестік және мәдени байланыстарды нығайту мәселелері қаралды. Форум қорытындысында қабылданған Коммюникеде “Ферғана аңғары — Орталық Азия тұрақтылығы мен бірігуінің айнасы” екені атап өтілді.

Коммюникеде аймақ елдері арасындағы қарым-қатынастар стратегиялық, жан-жақты және көпқырлы екені ерекше көрсетілді. Елдерді серіктестік пен өзара одақтастық байланыстары біріктіріп тұр, бұл үкіметтер, парламенттер, өңірлер мен азаматтық қоғам арасында үздіксіз және көпдеңгейлі диалогты жалғастыруды талап етеді.

Форумда Ферғана, Соғды және Баткен облыстары басшыларының қол алысуы әлеуметтік желілерде кең қолдау тапты. Бұл флешмобқа үш елдің тұрғындары қосылып, аймақ басшыларының бірлігін дәл осындай ишара арқылы бейнелей бастады.

Ең қызығы, бұл акцияға халықаралық ұйымдар басшылары да қосылды. Атап айтқанда, БҰҰ-ның Орталық Азиядағы превентивтік дипломатия жөніндегі аймақтық орталығының басшысы Каха Имнадзе, ЕҚЫҰ-ның қақтығыстардың алдын алу орталығының ди-

ректоры Кейт Фирон және Еуропа Одағының Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Эдуард Стип-райс флешмобты қолдады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам және халықаралық ұйымдар өкілдерінің өңірдегі тұрақтылық пен жүйелі дамуға күш біріктіруге дайын екенінің айқын дәлелі болды.

Беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдар — сенім мен диалог көпірін тұрғызып жатқан күш

Соңғы жылдары Өзбекстанда азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі реформалар Ферғана аңғарында да оң нәтижесін беруде. ББҰ үшін қолайлы жағдайлар жасалды, халықаралық гранттық жобаларды тарту мүмкіндіктері артты, ашық диалог мәдениеті нығайды.

Бұл үдерісте Saferworld, GIZ, БҰҰ Даму бағдарламасы, Еуропа Одағы және ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар белсенді серіктес болуда. Олардың қолдауындағы жобалар жергілікті қауымдастықтардың әлеуетін арттыруға, әсіресе әйелдер мен жастардың белсенділігін күшейтуге бағытталған.

Мысалы, “H2O – қоғам дамуы үшін” (Өзбекстан), “Климат өзгеруде — Баткен бейімделуде” (Қырғызстан), “Су — бейбітшілік пен ынтымақтастық көзі” (Қырғызстан және Өзбекстанның біріккен жобасы) сияқты бастамалар халықтың су ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі білімін және дағдыларын арттыруда.

Бұл бағдарламалар шекара маңындағы аудандарда сенім

ортасын нығайтып, дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыруға көмектесуде.

Мәселен, БҰҰ Даму бағдарламасы бастамасымен өткізілген медитация тренингтері нәтижесінде Ферғана, Әндіжан және Наманган махаллаларындағы белсенділер медиатор сертификаттарын алып, жергілікті деңгейде бейбітшіліктің іргетасын қалауға үлес қосты.

Ферғана аңғарының тәжірибесі көрсеткендей, азаматтық қоғам мен үкіметтік емес ұйымдар өңірлік тұрақтылық пен өзара сенім қалыптастыруда шешуші күшке айналууда. Олар тек әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып қана қоймай, шекара маңындағы аудандарда диалог, бірлік және сенімді нығайтып келеді.

Өңірдегі тұрақты ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін ББҰ қызметін үзақ мерзімді бағдарламалар арқылы қолдау, тәжірибе мен білім алмасуды жүйелі жолға қою, жастарды, әйелдерді және махалла белсенділерін камтитын бастамаларды кеңейту айрықша маңызды.

Ферғана аңғары — бұл тек географиялық аймақ емес, Орталық Азияда бейбітшілік, достық және тұрақты дамуды қалыптастырып жатқан кеңістік. Егер мұнда сенім мен ынтымақ орнаса, оның игі есері бүкіл аймаққа тарайды.

Саяра АСРАНОВА, Өзбекстан Беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдар ұлттық қауымдастығының баспасөз хатшысы.

Дөңгелек үстел сұхбаты

РУХАНИ ДАМУ

Өзбекстан халық демократиялық партиясы Жоғарышыршық аудандық кеңесі, Республикалық руханият және ағарту орталығының аудандық бөлімі, аудандық Ақпарат кітапхана орталығы ынтымақтастықта аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінде Өзбекстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 9 майдағы “Қоршаған ортаны қорғау және жасыл экономика жылында” атқарылуы тиіс Мемлекеттік бағдарламасы туралы ПФ-16-санды Жарлығының 1-қосымшасының 72-пунктінде белгіленген “Ағарту үлестіріп” жобасы аясында Рухани даму

Цифрлық дәуір келбеті

ІТ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛДІ

Гүлстан қаласы биыл “ICT WEEK 2025” апталығы аясында халықаралық деңгейдегі маңызды оқиғаның орталығына айналды. Мұнда Малайзия, Ресей және Америка Құрама Штаттарының жетекші IT-компанияларының өкілдері бас қосып, цифрлық трансформация мен аймақтық ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын айқындады. Жиынның басты мақсаты білім беру, денсаулық сақтау және бұқаралық ақпарат құралдары сияқты негізгі салаларда заманауи ақпараттық технологияларды енгізу, сондай-ақ Сырдария өңірінің IT-инфрақұрылымын дамыту арқылы өңірлік инновациялық экожүйе қалыптастыру болды.



Кездесу қатысушыларының қатарында Малайзияның 13 ірі IT-компаниясының маманы, цифрлық медиа саласына маманданған ресейлік Pressit компаниясының өкілдері, сондай-ақ жасанды интеллект пен IT-аутсорсинг қызметтерін ұсынуда тәжірибесі мол америкалық Rob Talent Solutions компаниясының сарапшылары болды. Олардың барлығы да өз елдерінің инновациялық тәжірибесін бөлісіп, өңірдің даму әлеуетін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстарымен келді.

Талқылау барысында білім мен денсаулық сақтау жүйеле-

рінің цифрлық технологиялар арқылы жаңғырту мәселесіне айрықша назар аударылды. Сарапшылар пікірінше, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін жүйелер мұғалімдер мен дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, сапалы қызмет көрсету мен деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, AI шешімдерін қолданатын медиа платформалар құру ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттырудың тиімді жолы екені атап өтілді.

Жынында жастар стартаптарын дамыту мен қолдауға арналған жаңа бастамалар да тал-

қыланды. Халықаралық аутсорсинг орталықтарын құру, акселерациялық бағдарламаларды іске қосу және шетелдік сарапшылар мен инвесторларды тарту аймақтық IT саласын жана деңгейге көтерудің басты тетіктері ретінде қарастырылды. Бұл бағытта қатысушы елдердің тәжірибесін біріктіру аймақтық нарықты жаһандық цифрлық экономикамен ықпалдастыруға жол ашады.

Кездесудің тағы бір маңызды бөлігі Сырдария облысындағы IT-парктің қызметін кеңейтуге арналды. Облыстық әкімшілік өкілдері өңірлік IT-индустрияны жүйелі түрде дамыту, жас мамандарды қолдау және технологиялық кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау мәселелерін баса айтты. Цифрландырудың тиімді жүзеге асуы аймақтың экономикалық және әлеуметтік өркендеуінің кепілі екенін атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша 2025 жылдың ноябрь айында Гүлстан қаласында “Сырдария инвестициялық форумы” өтетін болып шешілді. Сонымен қатар, Малайзия астанасы Куала-Лумпур қаласында “Сырдария IT және инновациялық орталығы” ашылатыны жарияланды. Бұл қадам Сырдария өңірін Орталық Азиядағы жетекші технологиялық хабтардың біріне айналдыру бағытындағы нақты іс-шаралардың бастауы болмақ.

“ICT WEEK 2025” аясында өткен бұл халықаралық кездесу цифрлық трансформация мен жаһандық ынтымақтастықтың жана кезеңін бастаған маңызды белес. Гүлстанда өткен бұл жиын бір ғана өңірдің емес, тұтас Орталық Азияның IT болашағын айқындайтын стратегиялық бастамалар алаңы ретінде тарихта қалары анық.

Айдана МЕДЕНОВА, “Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Ауыл шаруашылығында

ӘЛЕМДІК БАЗАРДА СҰРАНЫСҚА ИЕ “АЛТЫН ТАУАР”

Жызақ облысында жергілікті шафран өсіру және экспорттау жүйесі жолға қойылған “жасыл энергетика” қағидаттарына негізделген инновациялық ауыл шаруашылығы жобасы жүзеге асырылды. Бастама экономикалық тиімділікті арттыруға ғана емес, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге де қызмет етеді.

BMW HOLDING жүзеге асырып жатқан “жасыл энергияға” негізделген бұл ауыл шаруашылығы жобасы еліміздегі ауыл шаруашылығын жаңғырту жолындағы маңызды қадамдардың біріне айналды.

Бүгінде кәсіпорын өсірген жоғары сапалы өзбек шафраны Италия, Австрия, Нидерланды, Франция, АҚШ, Сауд Арабиясы, Тәжікстан, тағы басқа да елдердің базарына экспортталады.

2021 жылы экспорт көлемі 1,2 миллион еуроны құраса, 2025 жылдың соңына қарай бұл көрсеткішті 12 миллион еуроға жеткізу жоспарлануда.

BMW ZA'FARON өнімдері USDA ORGANIC және FDA стандарттарына сәйкестігімен халықаралық бақылау одағының сертификаттарымен (Нидерланды) бекітілген. Қытай базарына экспорттау үшін де тиісті рұқсаттар алынды. Еуропа мен Азиядағы беделді зертханаларда жүргізілген талдаулар нәтижесінде шафран ISO 17025 және ISO 3632-1:2011 халықаралық стандарттары бойынша I саттаты сапа сертификатын алды.

Жоба аясында 25 мың жергілікті тұрғын маусымдық, 450 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Бұл өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуда үлкен маңызға ие.

Бір қызығы, шафран өсіру алғаш рет шетелден әкелінген тұқымға емес, Жызакта өсірілген жергілікті пияздарға негізделген. Бұл тәжірибе 2028 жылға қарай елімізде шафран плантацияларын 2 мың гектарға дейін кеңейтуге берік негіз жасайды.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Су — тіршілік көзі

ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР ТАПСЫРЫЛДЫ

Нөкіс ауданындағы “Дустлик-1” су тарту бөлімінде су шаруашылығы жүйесі кәсіпорындарына жаңа экскаваторлар мен сушыларға скутерлар тапсыру шарасы өтті.

Оған Өзбекстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі, Су шаруашылығы министрлігі, су шаруашылығы жүйесі мекемелерінің басшылары, ардагер сушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Шарада Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің Төрағасы Ф.Әрманов, Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшыны сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі реформасы мәселелері бойынша орынбасары Т.Бутунбаев, Президент басшылығында соңғы жылдарда су шаруашылығы жүйесінде жүзеге асырылып жатқан реформалау, сондай-ақ олардың жер-жерлерде тиімді нәтижелері туралы өз пікірлерін білдірді.

Атап өткендей, соңғы жылдары су шаруашылығы жүйесінің қызметі бойынша Президент пен Үкіметтің көптеген Жарлықтары мен қаулылары, оның ішінде Қарақалпақстан Республикасы бойынша арнайы қаулылар қабылданып, олардың негізінде жер-жерлерде ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Атап айтсақ, Өзбекстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 5 январьдағы тиісті қаулысына орай, үстіміздегі жылдың өзінде Қарақалпақстан Республикасы аудандарының “Су жеткізіп беру қызметі” мемлекеттік мекемелеріне 9 экскаватор келді.

Содан соң 5 аудандағы “Су жеткізіп беру қызметі” мемлекеттік мекемесіне жаңа экскаваторлар әкелінді, 55 қызметкерге мотороллер кілттері салтанатты түрде табыс етілді.

— Қарақалпақстан Республикасындағы бар каналдардың 95 пайызы топырақты болса, оларды бетондау және су ысыраптарын азайту ең өзекті мәселелер қатарында, — дейді Қарақалпақстан Республикасы Су шаруашылығы министрінің орынбасары Т.Мадиреймов.

Бүгінде Тактакөпір, Қараөзек, Шымбай, Қаңлықөл және Шоманай аудандарының “Су жеткізіп беру қызметі” мемлекеттік мекемелерінің материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту мақсатында оларға қосымша 5 экскаватор жеткізілді.

Шарада бүгін жана техника мен скутерлер алған ардагер сушылар мен қызметкерлер Президентке, республика басшылығына және Су шаруашылығы министрлігіне көрсетілген ілтипат үшін алғыстарын білдірді.

Қарақалпақстан Республикасы Су шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі.

ЮНЕСКО: САМАРҚАНТ ӨРКЕНИЕТТЕР ҚИЫЛЫСЫ

Шығыстың гауһары деп аталатын көне және тарихи Самарқант қаласы ежелден-ақ өркениеттің, дамудың ошағы болған. Өлем халықтарының өнері мен мәдениетінің бесігі боп келген көне қала бүгінде тағы да бір тарихи оқиғаның мекеніне айналды. ЮНЕСКО Бас конференциясының алғаш рет Орталық Азия елдерінің арасында Әзбекстанда өтуі ЮНЕСКО үшін де, еліміз үшін де тарихи оқиға болуда, сондай-ақ бұл еліміздің әлеуеті мен беделінің жоғары екеніне тағы бір айқын дәлел болмақ.



ТАРИХИ ОҚИҒА

Бүгінде Самарқант қаласы әлем назарында тұрған мекенге айналды. Көне қаланың қонақкәделігінде өтіп жатқан ЮНЕСКО тарихта алғаш рет 40 жылдың ішінде бірінші рет Парижде тыста, Самарқантта өтуде.

Бұл жайлы ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одри Азуле былай дейді: — Өзбекстанның ұсынысына орай, конференция Самарқант қаласында өтуде. Біз осындай тарихи басқышты бастан өткізіп жатқанымызға қуаныштымыз. Бұл жерде бүкіл әлем халықтары кездесуде, мәдениет, ғылым-білім, ақпарат айналасында бірігуде.

Кеше Бас конференцияның сессиясын Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев, сондай-ақ тағы да екі мемлекет басшысының, көптеген министрлердің қатысуында аштық. Ұйымға мүше елдердің 180-нен астамынан өкіл қатысуда, жалпы қатысушылардың саны 4 500-ден асады. Міне осы цифрлардың өзі-ақ Самарқант өркениеттер қиылысы, әлем жүзdesетін жер екенін айқайтайды.

Біз бұл жерге ЮНЕСКО өкілетінің аясында әлем халықтары үшін маңызды болған мәселелерді талқылауға жиналдық. Бұл міндеттерді бүгін тек осы аймақтың ғана емес, геосаясатта маңызды орын иелеп жатқан Өзбекстанда жүзеге асырып жатқанымыз біз үшін маңызды саналады.

Президент Шавкат Мирзияев әлем деңгейіндегі шараны ашып, біздің Өзбекстан халқының атынан шынайы қарсы алды. Өз елінің бай тарихы, интеллектуалдық, ғылыми білімдер, көркем шығармашылық салаларындағы мұрасын жеке тілге тиек етті. Сондай-ақ бүкіл әлем халықтарының болашағы үшін маңызды саналған бастамаларды ұсынды. Соның ішінде жана технологиялар, жасанды интелектпен байланысты істеріміді одан әрі жетілдіру бойынша, сондай-ақ Өзбекстан мен ЮНЕСКО арасындағы жақын ынтымақтастық, жолға қойылған мектепке дейінгі білім беру саласындағы бастамаларын білдірді. Сол арқылы сессиямыздағы маңызды тақырптар мен талқылауларымыздағы жақсы көңіл күйде, онды рухта бастадық. Біз бұған өте қуаныштымыз, өйткені ЮНЕСКО үнемі алға қарай ұмтылатын, заман әукеиетін алдын ала көре алатын ұйым. Мысалы, біз 2018 жылдан бері жасанды интелект үстінде жұмыс жүргіземіз және бүгін бұл салада бірнеше нәтижелерге де қол жеткіздік.

ЮНЕСКО-ның Бас директоры не-ліктен бүгінгі бас конференцияны тарихи деп есептеуі туралы сұраққа жауап бере отырып, былай деді:

— Иә, бұл тарихи сессия. Тарихылығы, тағы да бір рет айтамын, 40 жылдың ішінде бірінші рет Парижде — ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде емес, Өзбекстанның ұсынысына орай, осы жердеміз. Олар мұндай тәуекелді өз міндетіне алып, дүние-ні осында қарсы алу үшін үлкен да-йындық жасады және оның үдесінен шықты. Ұйымымызға мүше елдердің өкілдері, бүкіл дүние жүзінен адам-дар Самарқантта мәдени мұраны, су мәселесіндегі ынтымақтастықты, білім және жасанды интелект бойынша не істеуіміз қажеттігін талқы-лау үшін келді.

Біз мұнда ЮНЕСКО-ның кейінгі екі жылдық бюджетін бекітеміз. Бұл соңғы сегіз жылдың ішінде ресурстарымызды екі есеге арттырғанымыздан кейінгі ғажайып бюджет эвалюциясынан соң жүзеге асырылуда. Біз болашаққа назар аударамыз.

Айта кетерлік жайт, бұл сессия ұйымымыздың жана басшысын да бекітеді. Ал мен үшін Бас директор ретіндегі соңғы жалпы конференциям Самарқантта ЮНЕСКО және Өзбек-стан арасындағы жақын достық және үлгілі дәрежедегі қарым-қатынастар қоным тапқан жағдайда өтіп жатқаны зор маңызға ие. ЮНЕСКО-ның бүгінгі Бас конференциясын тек бүгін ғана емес, ғасырлар барысында маңызды саналған Самарқант өткізудің өзі тарихи үдеріс деп білемін.

АЙМАҚАРАЛЫҚ КЕЗДЕСУ

ЮНЕСКО Бас директорының орынбасары Син Сюй (Хинг Ку) және ЮНЕСКО істері бойынша Өзбекстан Ұлттық комиссиясының төрағасы, Өзбекстан Мәдениет және өнерді дамыту қорының төрағасы, Президент Әкімшілігінің Креативті экономика және туризм бойынша департаментінің басшысы Гаяне Умерова өз сөзінде Самар-қанттың өркениеттер тоғысқан жер рәмізі екенін тілге тиек етіп, ЮНЕСКО тарапынан белгіленген се-ріктестік және ынтымақтастық ру-хын жаңарту маңыздылығын айтып өтті.

Кездесудің бірінші сессиясы жас-тардың құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ тұрақты дамуы үшін олардың тыныштық, адам құқықтары, әлеуметтік инклюзия және білім беруді алға тартудағы рөліне арналды. Талқылауға ЮНЕСКО, сондай-ақ Германия, Ка-нада және Кения ұлттық комиссия-ларының өкілдері қатысты.

Ал екінші сессияда цифрлы кезең-де мәдениетаралық байланыс, мәдени мұраны сақтау, тұрақты ту-ризм және Жібек жолы бағыттары-на назар аударылды.

Сонымен қатар шарада ЮНЕСКО,

да өткен 14-ЮНЕСКО Жастар фору-мында 140-тан астам мемлекеттен жас жетекші, сарапшылар мен рес-ми делегаттар бүгін адамзатты ой-ландырып жүрген экологиялық мәсе-лелерге шешім табу үшін бас қосты. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген жастар форумында климаттың өзге-руіне қарсы едәуір іс жүзіндік ұсы-ныстарды алға тартылды.

Хоуп Банда /ЮНЕСКО-ның Малави Ұлттық комиссиясының өкілі.

— Біз мұнда шешім қабылдайтын тұлғалар мен саясаткерлердің жүзе-ге асыратын ұсыныстары бойынша жұмыс жүргізудеміз. Көптеген ұсы-ныстар шығарылды, шамамен алты негізгі бағыт бар. Олардың арасын-да климат білімін оқу бағдарлама-ларына енгізу, сондай-ақ климатты саясаттың қаржылық жақтарына на-зар аудару мәселесі де бар. Афри-када бұл салада көптеген жобалар атқарылуда, бірақ қаржыландыру мәселесі де шешуші маңызға ие. Сондықтан біз қаулы қабылдайтын тұлғалар қандай жолмен бізге мак-сималды түрде жәрдем бере алаты-ны туралы ұсыныстар шығаруымыз керек. Бұл жәрдем арқылы біз кли-матқа қатысты іс жүзіндік іс-әрекет-тер климат әділеті мен климатқа сәйкестену қағидаттарын нәтижелі жүзеге асыруымыз мүмкін.

Басқа ұсыныстарымыздың қата-рында саясатта мәдени инклюзияны қамтамасыз ету, сондай-ақ үкімет қаулыларынан бастап барлық үдерістерде де жастардың даусын есепке алу мәселелері де бар. Осындай бағыттар біз шығарған негізгі ұсыныстар.

Гүлнәз Абутова — қатысушы (Өзбекстан)

Маған Өзбекстан атынан ЮНЕСКО-ның халықаралық жастар конференциясына өз жобам бойын-



ша қатысу мүмкіндігі берілді. Өзім Қарақалпақстан тумасымын. Біздің аймағымыз экологиялық ділгірліктер — шөлдену және Арал теңізінің құрға-уынан жапа шеккен аумақ екені бар-шаға белгілі.

Өткен жылы апрель айында мен “Таза су” атты жобаның негізін қала-ған болатынмын. Бұл жоба Қарақал-пақстанның Аралбойы аймағын таза ауызсумен қамтамасыз етуге бағыт-талған. Біз суды тазарту станцияла-рын құруды бастадық. Әр станция шамамен 10 мың долларға түседі. Біз бұған қаражаттарды кәсіпорындар мен қарапайым тұрғындардан жинауды бастадық.

Бүгінде, яғни бір жарым жылдың ішінде 10 станция құрылды және олар Қарақалпақстанның 9 мыңнан астам тұрғынын таза ауызсумен қам-тамасыз етуде. Ал Өзбекстан үшін бұл конференцияны бірінші рет Ор-талық Азия елдері арасында өткізуі үлкен мақтаныш болды. Бастысы, бұл бізге өзімізді әлемге таныту мүмкіндігін берді, өйткені көпшілік

үшін өнімдер шығарамыз.

Менің тілегім, бүгін алған барлық мәліметімізді шынында да тұрақты іс жүзіндік іс-әрекеттерге айналды-райық. Екі күн барысында алған бі-лім және идеяларымыз арқылы біз мемлекеттерімізде, тіпті жаһандық деңгейде үлкен жобаларды жүзе-е асыруымыз мүмкін. Себебі жай ғана қарапайым іс-әрекеттердің өзі де дүниеіміз үшін зор маңызға ие.

Абхишек Кумар — қатысушы (Үндістан)

Намасте. Мен Үндістаннан Абхи-шек Кумармын. Азия Тынық мұхиты аймағы бойынша журналист ретін-де жұмыс істеймін. Климат өзгеруі мен әлеуметтік әсер ету мәселеле-рін инклюзивтік, әділетті және бар-лық үшін ашық ету бойынша іздену-демін.

Инклюзивті климат білім жоба-сында да жұмыс істеймін. Бұл жоба арқылы қоғамның шеткі қабатын, қорғансыз топтар, мысалы жүргізу-шілер, жергілікті тұрғындар мен мүге-дек тұлғалар климаттық білімге жұмылдырылады, міне сонда біз ешкімді артта қалдырмаймыз. Көп жағдайда мүгедектігі бар балалар мен жастар, шалғайдағы аумақтар-дан шыққан балалар климаттық бі-лімнен шетте қалады. Сол үшін де біз әлем деңгейінде қыстақ жерлер-дегі, әсіресе жастар, мүгедек бала-ларды климаттық білімге жұмылды-руымыз тиіс.

Кола Дауда — қатысушы (Нигерия)

Мен Африка құрлығының батыс бөлігінде орналасқан Буркина-Фасо елінен келдім. Менде бірнеше ұсы-ныс та бар. Біз жастар шешім қабыл-дау үдерісіне қосылуымыз тиіс. Жас-тардың пікірі мен шешімдерін есеп-ке алу маңызды мәселе. Бұдан тыс, климат өзгеруі тақырыбында жастар үшін жана білім беру жүйесін жолға

қоя керек деп санаймын. Себебі бұл жас жетекшілердің дүниетанымын өзгертуге жәрдем береді. Яғни жас-тарды климат өзгеруі туралы жа-наша пікірлеуге және бұл орайда белсенді болуға үйрету өте маңыз-ды іс.

Тағы да айта кетерлік жайт, бұл форумның жастар үшін маңызы зор. Өйткені климат өзгеру жағдайы ең алдымен оларды әсерлендіреді. Сондықтан да оларға өз пікірін ер-кін жеткізе алу, ділгірліктерге шешім табу және басқару органдарына ұсы-ныстар шығару мүмкіндігін беретін мұндай кездесулерді өткізу қажет.

Форумның бірінші күні-ақ конфе-ренция мемлекет тарапынан жақсы ұйымдастырылғанын көрдім. Сол үшін Өзбекстан басшылығына риза-шылық білдіремін. Бәрі де жақсы жолға қойылған, ұйымдастырушы-лық деңгейі де жоғары. Бұл үшін Өзбекстанға да, ЮНЕСКО-ға да ал-ғыс айтамын.

ЖАСЫЛ АУМАҚ КЕҢЕЮДЕ

ЮНЕСКО Бас конференциясының 43-сессиясы ісі аясында ағаш отыр-ғызу шаралары өтті.

Онда Ұлы Британияның ЮНЕСКО-дағы елшісі және тұрақты өкілі, Ұлы-британия делегациясының басшы-сы Анна Нсубуга, Буркина-Фасонын ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі Флави-ен Имах Уилиям Незиен, Өзбекстан Республикасы Спорт министрі А.Ик-рамов, Экология, қоршаған ортаны қорғау және климат өзгеруі ми-нистрінің бірінші орынбасары О.Қуд-ратов, Самарқант облысының әкімі А.Бобоев, халықаралық делегация-лардың өкілдері, сондай-ақ бұқара-лық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Өзбекстан Республикасы Эколо-гия қоршаған ортаны қорғау және климат өзгеруі министрлігі жауапты-ларынан айтуынша, ЮНЕСКО-ның 80 жылдығына орай, “Мұраға сүйе-ні, болашаққа қарай” ұранымен жүзеге асырырылып жатқан бұл бас-тама ұйымның негізгі құндылықтары — тыныштық, мәдениетаралық бай-ланыс, мәдени мұраны сақтау және экологиялық тұрақтылық идеяларын бейнелейді.

Халықаралық форум қатысушыла-ры, беделді қонақтар осы жобаға



қатысып, Самарқант халықаралық туризм орталығының аумағында 1,2 гектар алаңға 564 түп ағаш және бұта көшетін отырғызды.

Жасыл бақ жай ғана көгалды жер емес, нағыз экологиялық инноваци-ялар орталығына айналады. Мұнда судын ысырабын азайтатын тамшы-лалатып суару, жаңбырдың суын жинап, қайта пайдалану жүйелері жасалады, энергия үнемдейтін күн панельдері мен насостар орнатыла-ды. Сондай-ақ коқыстарды компост-тау және топырақты байыту жерлері, жергілікті табиғи материалдардан жасалған жолақтар құрылады.

Екінші жасыл бақ Самарқант қала-сының Қарасу массивінің аумағын-да, Зарафшан өзеніне жақын жер-де құрылуда. Жалпы айтқанда, Са-марқант қаласында 5 гектардан ас-там аумақта жасыл бақ құрылуда.

Жасыл бақтардың концепциясы Әмір Темір бақтарының философи-ясына негізделеді және Сайыпқы-ранның 9 бағы сияқты 9 бөлімге бөлінеді. Бақтың бөлімдерінде шы-ғыс шынары, ақ қайың, павлония, раушан гүл бұталары, лаванда, маг-нолия, жауқазын ағашы, акация, қай-рағаш, сакура, катальпа, тұт, құрма, алма, тағы басқа да жеміс ағашта-ры мен сәндік ағаштар, бұта көшет-тері отырғызылады. Жасыл баққа ЮНЕСКО-ның 80 жылдығына арнал-ғандықтан рәміздік мағынаға ие 80 мың көшет егіледі.

ЗАМАНАЛЫҚ ӨНЕР МЕН ЖАНДЫ МҰРА ТОҒЫСТЫ

Шығыстың гауһары деп аталатын Самарқант қаласы тек тарихи жәді-герліктер мен ескерткіштердің ме-кені ғана емес, ол ұлттық мәдениет пен әлем мәдениетін бір уақытта бір арнаға тоғыстыратын, мәдени үлгілерді әлемге таратып тұратын киелі мекен.

Қазірде өтіп жатқан ЮНЕСКО бас конференциясы аясында көне қала-да мәдени шаралар да жалғасуда. Онда әлемге әйгілі француз компо-зиторы және ЮНЕСКО-ның елшісі Жан-Мишель Жар Самарқанттың



тарихи Регистан алаңында мыңда-ған көрерменге концерт қойды.

ЮНЕСКО мен Өзбекстанның Мәдениет және өнерді дамыту қоры-ның (ACFON) қолдауымен ұйымдасты-рылған концерт мәдени бағдарлама-дағы басты оқиғаға айналды. Регис-танның үш керемет медресесі ды-быс, жарық және сәулет театрының ұлы сахнасына айналды. Сондай-ақ бұл концерт әлемнің 194 елінен кел-ген 3 500 делегаттың басын қосты.

Концерт қала тұрғындары мен қонақтар, конференция қатысушы-лары үшін тегін ұйымдастырылып, шара Самарқанттың көп ғасырлық ескерткіштері мен заманалық өнердің сұхбатын көруге бірегей мүмкіндік берді. Яғни мұнда қазіргі шығармашылық пен жанды мұра то-ғысты деуге болады.

— Самарқанттағы Регистан — бұл жай ғана сәулет өнері туындысы емес. Бұл мәдениеттің біріктіруші, шабыттандырушы және емдеуші күшінің дәлелі болмақ, — дейді Өзбекстанның Мәдениет және өнерді дамыту қорының төрайымы Гаяне Умерова. — ЮНКСО-ның Бас конференциясы күндері Жан-Ми-шель Жардың көне қаладағы әлем-ге әйгілі ескерткіштерді жарықтан-дырғаны біз үшін зор мәртебе.

Концерт ЮНЕСКО миссиясының рухын бейнелейді — мәдениетаралық

диалогты ілгерілету, мәдени алуан-дылықты дәріптеу және өнер арқы-лы бейбітшілікті нығайтты. Бұл кон-ференцияның басты мәдени оқиғала-рының бірі болып, жергілікті қауым-дастықтар мен халықаралық делегат-тарды, қонақтарды музыка мен мұра-ның ортақ әсерімен біріктірді.

Корыта айтқанда, концерттік қой-ылым тұрғындар мен қонақтар үшін, жалпы көрермендер үшін шынайы демалыс алаңы болып, рухани тұрғы-дан зор демалу болды десек артық айтқандық емес. Бір сөзбен айтқан-да, елімізде өтіп жатқан конферен-цияның кез келген шарасы тек мем-лекеттерді ғана емес, жалпы адам-затты біріктіретін күш болуда.

ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕГІ АҚПАРАТ БАЙЛАНЫСЫ

Қазірде дүние жүзі бойлап жүзде-ген бұқаралық ақпарат құралының өкілі бір уақыттың өзінде көне Са-марқант қаласы жайлы жазуда. Олардың жазған жазбалары мен эфирге ұзатылған бейнелері елі-міздің даңқын әлемге танытуда.

ЮНЕСКО Бас конференциясының 43-сессиясы аясында Самарқантта ұйымдастырылған Баспасөз орта-лығы туралы да осындай пікір айтуға болады.

Сессия шараларын жариялауда әлемдегі және еліміздегі алдыңғы қатарлы ақпарат құралдарынан бес жүзден астам журналист қатысып жатқаны айтылуда.

Баспасөз орталығы тек қана те-хникалық қолайлықтармен ғана емес, ақпарат таратудың ашықтығы, жариялылық пен халықаралық бай-ланыс мәдениетінің ұсынысы ретін-де қызмет етуде. Журналистер үшін жоғары жылдамдықтағы ғаламтор, заманалық компьютерлер, жанды өтір студиялары, арнаулы суретке түсіру аумақтары, тілмаштар топта-ры ұйымдастырылған.

Мұндай инфрақұрылым ақпарат-тың тез және сенімді таралуын қам-тамасыз етеді. Бұл жай ғана қолай-лылық емес, Өзбекстанның ашық әлемге қаратылған ақпарат саяса-

тының іс жүзіндегі көрінісі саналады. Баспасөз арқылы Самарқанттағы әрбір оқиға әлем ақпарат алаңында уақытылы және анық түрде бейне-ленуде.

Сессия қарсаңында Өзбекстан Республикасы Президентінің Бас-пасөз хатшысы Ш.Асқадов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін арнаулы брифинг өткізді. Бұл тек шараның мазмұндық тұрғыдан бай екенін ғана емес, ақпарат байланыс-тарының жоғары деңгейде жолға қойылғанын да айғақтайды.

ЮНЕСКО-ның өткізіп жатқан сес-сиясы соңғы 40 жылдың ішінде ал-ғаш рет Париждегі бас резиденция-сынан тыста және алғаш рет Орта-лық Азияда өтіп жатқанымен тари-хи маңызға ие. 190 мемлекет және халықаралық ұйымдардан 2 мың 800-ден астам өкіл, соның ішінде 70-ке жуық жоғары дәрежелі тұлға қаты-сып жатқан бұл форум аймақтың ең беделді халықаралық конференция-ларының біріне айналды.

Баспасөз орталығынан ұзатылып жатқан әр материал мен хабарлар тек бүгінгі конференция туралы ғана емес, еліміздің имиджі туралы да айтылуда.

**Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың”
арнаулы тілшісі.**

Ұлттық дамудың өзегі

ТӘРБИЕ МЕН ҰРПАҚ ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Бүгінде елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды реформалар мен жаңарулар — еліміздің даму жолын түбегейлі өзгертіп, мемлекетті жаңа тарихи кезеңге бастауда. Президент Шавкат Мирзияевтың бастамасымен қолға алынған “Жаңа Өзбекстан” концепциясы негізінде жүйелі жұмыстар атқарылып, болашаққа бағытталған нақты қадам жасалуда.

Сонғы жылдары елімізде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, аумақтық даму бағдарламаларын іске асыру, жастарға арналған жаңа мүмкіндіктер жарату, әйелдер мен табысы аз отбасыларды қолдап-қуаттау, махалла институтының рөлін арттыру, сапалы білім беру және қолжетімді денсаулық сақтау жүйесін дамыту сияқты көптеген стратегиялық бастамалар іске асырылуда.

Бұл реформалар адамдардың күнделікті өмірінде нақты өзгерістерге себеп болуда. Ауылдарда жолдар мен мектептер жөнделіп, жаңа жұмыс орындары ашылып, жастар үшін спорт, өнер және білім алу бойынша қолдау көрсетілуде. Махаллада адамдардың проблемаларын “жоғарыға” жеткізбей-ақ, жергілікті органдарда шешу — жаңа басқару жүйесінің негізгі бөлігіне айналды.

Елімізде қазіргі реформалар тек экономикамен шектелмейді. Азаматтық сана, патриоттық рух, отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие — мемлекеттің идеологиялық тұғырлары ретінде қайта жандануда.

Осы тұрғыда түрлі әлеуметтік бастама-

лар, мәдени-ағартушылық шаралар, жастармен жұмыс істеу, әскери-патриоттық тәрбие мен рухани жаңғыру жобалары кең өріс алып келеді.

Сондай бастамалардың бірі ретінде жуырда Ташкент облысының Бөке ауданындағы “Қолдоштепа” және “Навобод” махалаларында өткен “Үш ұрпақ кездесуі”, спорттық жарыстар мен әскери концерттерді атауға болады.

Шараның басты мақсаты — жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты тұрмыс салты мен патриоттық құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік ынтымақтастықты нығайту.

Кездесу барысында ақсақалдар, мектеп оқушылары мен белсенді жастар өзара сұхбаттасты. Жас буын ел ағаларынан өмірлік тәжірибесі мен кеңестерін тыңдап, қоғамдағы белсенділік пен жауапкершілік туралы ой бөлісті.

— Біз үшін жастардың бойына ұлттық болмыс пен адамгершілік құндылықтарды сіңіру — басты міндет, — деді шараға қатысқан ауыл қариясы.

Басқосуға Ташкент облыстық прокурату-расы, аудан әкімдігі, Ұлттық гвардия және Жастар істері басқармасының өкілдері қатысты. Шарада Ташкент облысы Жастар істері басқармасының басшысы Нодир Хожиев те сөз сөйлеп, жастарға артылған сенім мен жауапкершілік туралы айтты.

Кездесу аясында ұйымдастырылған әскери көрмелер мен техникалар шеруі, Ұлттық гвардия оркестрінің орындауындағы патриоттық әндер жастарда ерекше әсер қалдырды.

Шараның қорытындысында қатысушы жастарға әдеби және тәрбиелік кітаптар жинағы табысталды. Бұл бастама жас ұрпақты білім мен кітап оқуға ынталандыру, сонымен қатар рухани дамуға серпін беру мақсатында қолға алынған.

Қолдоштепада өткен бір күндік басқосу — тарихтың ішіндегі бір ғана сәт секілді көрінуі мүмкін. Бірақ бұл сәт — бүгінгі ұрпақтың жүрегіне жазылған бір дәуірдің рухани мөрі іспетті. Мұнда өткен мен бүгін қол алысты. Ақсақалдардың батасы мен жастардың үміті беттесті. Біз көп жағдайда болашақ туралы айтқанда, жаңа технология, цифрлық әлем, ғарыш пен жасанды интеллект туралы сөз қозғаймыз. Бірақ болашақ ең алдымен санада қалыптасады. Ол — адам бойындағы тәрбие мен таным, намыс пен ниет, парыз бен перзенттік жауапкершілікке байланысты.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Бағдарлама — іс жүзінде

ЖАСТАР – ТАРИХПЕН БЕТПЕ-БЕТ

Мұражайлар — халық жады. Олар тек өткенді сақтайтын орын ғана емес, болашақ ұрпақты тәрбиелейтін мектеп те. Осы тұрғыда, биыл елімізде жүзеге асырылып жатқан маңызды бастамалардың бірі — жастарды ұлттық тарихпен және мәдени мұрамен жақынырақ таныстыруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама болды.



Атап айтқанда, үстіміздегі жыл Өзбекстан Республикасы Мәдени мұра агенттігі, Қорғаныс министрлігі және Мектепке дейінгі және мектеп білім беру министрлігімен бірлесіп қабылданған бұл ортақ бағдарлама ұлттық

идея мен отансүйгіштікті жас ұрпақтың санасына сіңіруде ерекше маңызға ие болуда. Бағдарламаның негізгі мақсаты — оқушы жастарда тарихи жадын, ұлттық мақтаныш пен Отансүй-гіштік сезімдерін нығайту, олар-

да мұражай мәдениетін қалыптастыру.

Бағдарлама аясында жыл бойы еліміздің жетекші мұражайларында — Өзбекстан тарихы мемлекеттік мұражайы, Темурилер тарихы мемлекеттік мұражайы, Қарулы Күштер тарихы мұражайы, “Шон-шараф” мемлекеттік мұражайы, “Ғалаба боғи” мемориалдық кешені және басқаларда тәжірибелік, ашық сабақтар, кездесулер мен көрме шаралар өткізіледі.

Сабақтарда оқушылар “Бір өлке...”, “Ұлы бабаларымыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесі”, “Мен тұратын өлке”, “Ұлы қолбасшыларымыздың мұрасы”, “Әмір Темір, Захириддин Бабуր, Жалолиддин Мангубердин өмірі мен қызметі”, “Өзбекстан Қарулы Күштерінің тарихы және бүгінгі жағдайы” сияқты тақырыптарда арнайы сабақтарға қатысуда. Мұндай шаралар жастарды тек тарихпен таныстырып қана қоймай, оларды отансүйгіштік, адалдық пен жанкүйерлік рухында тәрбиелеуде.

Бағдарлама аясында “Бейбітшілік”, “Тәуелсіздік” сабақтары, “Батырлардың есімі мәңгі”, “Мәңгілікке қадам басқандар” сияқты еске алу кештері де ұйымдастырылуда. Бұл кештерде жастармен әңгімелер, жан-

қияр бабаларымыз туралы хикаялар, Отан үшін жанын қиған қаһармандар туралы оқиғалар тыңдалады. Олар арқылы әрбір оқушыда Отанға деген мақтаныш сезімі оянады. Сондай-ақ, “Екінші дүниежүзілік соғыста өзбек халқы көрсеткен ерлік”, “Қуғын-сүргін саясаты және оның салдары”, “Жәдидшілдік қозғалысы және оның мақсаттары” сияқты тақырыптарда рухани-ағартушылық әңгімелер өткізіліп, жастардың ой-өрісі кеңейтілуде. Осы арқылы олар тарихи шындыққа тек кітап арқылы ғана емес, ой және сезім арқылы да жақындауды үйренуде.

Тарих — тек өткеннің естелігі ғана емес, сонымен қатар болашақты көре білудің құралы да. Сондықтан мұндай бағдарламалар үздіксіз рухани үдеріс ретінде жалғасуы керек. Оқушылардың мұражайларға жұмылдырылуы — бұл тек білім беру саласының жетістігі ғана емес, ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолындағы маңызды қадам. Бұл бағдарлама жас ұрпақтың жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілікті, ата-бабаларға деген құрметті, бейбітшілік пен тәуелсіздік құндылықтарын нығайтуы сөзсіз.

Өлия ӨБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Денсаулық

ЖАҢА ИММУНОТЕРАПИЯЛЫҚ ӘДІС

Зерттеулерге сәйкес, анафилактикалық шок 20-30 пайыз жағдайда жәндіктердің шағуынан туындайды. Егер жедел медициналық көмек көрсетілмесе, мұндай науқастардың өмірі өліммен аяқталуы сөзсіз.

Орталық Азияда алғаш рет Республикалық мамандандырылған аллергиялық және клиникалық иммунология ғылыми-практикалық медициналық орталығында осындай жағдайларға арналған жаңа және тиімді иммунотерапия әдісі енгізілді.

Инсект аллергия негізінде перделі қанатты жәндіктердің шағуынан туындайды, — дейді орталықтың басшысы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Илмира Разикова. — Бұл топқа бал аралар, аралар (кыздары), түкті аралар (топырақ аралары) және құмырсқалар жатады.

Аллергенге тән иммунотерапия (АСИТ)

өмірге қауіп төндіретін осы жағдайлардың алдын алатын жалғыз тиімді әдіс болып табылады.

Емдеудің бұл түрінде аллергиялық дерматиттің тәуелсіздігі (мысалы, ара уы, өсімдік тозаңы) науқастың денесіне аз мөлшерде тартып жіберіледі. Осыдан кейін арнайы спецификалық антиденелер мөлшерінің төмендеуі, яғни аллергияға реакцияның төмендеуі байқалады.

Нәтижесінде қандағы жалпы IgE мөлшері азаяды, ал блоктаушы антидене IgG4 артады. Осылайша, аурудың белгілері азаяды, тіпті ауру науқасты мүлдем алаңдатпай-

ды. Бұл иммунотерапияның көмегімен өмірге қауіп төндіретін анафилактикалық реакциялардың дамуын болдырмайды.

Биыл Орталық Азияда алғаш рет орталықта емделушілерді ара уының негізінде дайындалған арнайы иммунотерапия препараттарымен емдеуді басталды.

Бір қызығы, осы уақытқа дейін бұл емдеу әдісі әлемнің екі елінде — Грузия мен Түркияда ғана қолданылған. Енді олардың қатарына Өзбекстан да қосылып, әлемдік медициналық қауымдастықтың назарына түскен осы озық технологияны енгізген үшінші мемлекет болды.

Бұл иммунотерапия әдісі симптомдарды жеңілдетіп қана қоймай, аллергияның себепін түбегейлі жоюға қызмет ететіндігімен маңызды.

Денсаулық сақтау министрлігінің Баспасөз қызметі.



Мұра

РУХАНИЯТ МЕКЕНІ

Қоғамның рухани кемелділігі мен өркениетке ұмтылысы, ең алдымен, ғылымға, кітапқа және ағартушылыққа деген көзқарасынан бастау алады. Осы жолда кітапхана — нұр тарататын шамшырақ, ой мен білімнің қазынасы, адамзат ақыл-ойының ең ұлы қамалы ретінде көрініс табады.

Мен кітапханада жұмыс істейтіндіктен, күн сайын ғылыммен бетпе-бет келіп, кітаппен тікелей сырласамын. Бұл мен үшін жай ғана мамандық емес, жүрегімнің үнінен туған ішкі шақыру, жанымға жақын рухани іс.

Кітапхана — тек кітаптар жинақталған орын ғана емес, керісінше, бұл мекен мыңжылдық даналықтың, ұлы ойшылдар мен ақын-дамдардың, ғалымдардың үнісіз сұхбат құратын қасиетті кеністігі. Әр бет — адамзат тарихының бір бөлшегі, ал кітаптар — көңілді саяхатқа, ойға жетелейтін тіршіліктің нышаны.

Кітапханаға әр оқырман, студент немесе ізденуші өз сұрақтарына жауап іздеп келеді. Дұрыс таңдалған бір ғана кітап адамның өмірін түбегейлі өзгертіп жіберуі мүмкін. Бұл мен үшін жай сөз емес — мен бұған күн сайын куә боламын.

Кей адамдар кітапханашының еңбегін тек қызмет көрсету, құжаттарды реттеу, дәптер жүргізу деп қана қабылдайды. Ал шын мәнінде, бұл кәсіптің түп негізінде адамзатқа, жас ұрпаққа қызмет ету сияқты ұлы міндет жатыр.

Мен кітапханашы ретінде оқырмандармен, мұғалімдермен, ғалымдармен, шығармашыл тұлғалармен үнемі байланыстамын. Әрқайсысының кітап таңдау талғамы, ғылымға деген қызығушылығы әртүрлі, әрі олар өмірге өзіндік көзқараспен қарайды. Бірі тарихқа қызыкса, бірі поэзияға, енді бірі заманауи ғылымға ынтық. Оларға қажетті еңбектерді тауып беру, кеңес беру, жаңа басылымдар туралы ақпарат ұсыну — бұл тек қызмет емес, сонымен қатар шығармашылық пен жауапкершілік.

Бүгінгі таңда елімізде Президент бастамасымен “Оқу мәдениетін арттыру”, жастарды кітап оқу арқылы рухани кемел тұлға етіп тәрбиелеу бағытында кең көлемді жұмыстар атқарылуда. Осы тұрғыда кітапханалар алдында да үлкен міндеттер тұр.

Ақпараттық технология-

лар қарқынды дамыған бұл заманда да кітапхананың қадірі жойылған жоқ. Керісінше, электронды кітапханалар, цифрлы базалар, аудиокітаптармен қатар классикалық шығармалар мен баспа еңбектерге деген сұраныс барған сайын артып келеді.

Кітапхана — бұл ата-бабаларымыздың — мұрасы, олар сөз арқылы жазып қалдырған әлемдердің қоймасы. Оны сақтау, байыту және жастардың санасына сіңіру — біз, кітапханашылардың басты міндеті. Мен бүгінгі кітапханашылықты тек мамандық қана емес, ағартушылықтың елшісі деп білемін.

Кітапхана — ғасырлардан ғасырларға жеткен ілімнің үзілмес алтын тізбегі. Ол — өткен ұрпақтың даналығы мен қазіргі заманның арасын жалғап тұрған рухани көпір. Кітапхананың әрбір шығармасы — тарих, әрбір беті — тәжірибе, әрбір кітабы — уақыт сынынан өткен білімнің қайнар көзі.

Мен кітапханада жұмыс істей жүріп, өзімді талай дәуірдің куәгеріндей сезінемін. Өйткені біз оқырманға жай ғана кітап емес, білімнің тізбегінен бір буынды ұсынамыз.

Бүгінгі жастар — интернет, әлеуметтік желі мен технология дәуірінің өкілдері. Бірақ дәл осы заманауи ұрпақтың өмірде берік қадам басуына көмектестің күш — көбіне дұрыс таңдалған баспа кітаптарда жасырынған. Ал кітапхана — сол рухани қазыналарды сақтайтын ең қасиетті орындардың бірі.

Жастар — кез келген қоғамның тірегі мен келешегі. Олар қаншалықты білімді, рухани бай болса, ұлт та соншалықты мықты болады. Жастардың осылайша кемел ұрпақ болып қалыптасуында кітапхананың рөлі теңдессіз. Өйткені кітапхана — тек оқулықтар ғана емес, өмір сабағын үйрететін туындыларға толы орда.

Бүгінде көптеген жастар өз жолын әртүрлі бағыттан іздеуде: бірі әлеуметтік желіден, бірі достарының ара-

сынан, енді бірі өмірдің желімен бірге кетіп барады. Бірақ нағыз жол, нағыз бастаулар — кітапта. Ал кітапхана — сол жолға жетелейтін ең тыныш, ең пәк мекен.

Кітапханада жұмыс істеген жылдарымда бір нәрсені терең ұқтым: егер бір жасты кітапханаға тартсаңыз, ол біртіндеп өзгере бастайды. Ол оқыған шығармалары арқылы өзіне сұрақ қояды, ойлануға, ізденуге үйренеді. Ең бастысы, оның армандары қалыптаса бастайды.

Кітапхана — жас пен оның болашағы арасын жалғайтын көпір. Сол көпірден өткен жан — білімді, ойлы және мақсатты тұлғаға айналады. Сондықтан біз, кітапханашылар үшін ең ұлы міндет — жастарды кітапқа, оқуға және ізденіске баулу.

Қорыта айтқанда, кітапхана — бұл тыныштық пен ойдың, білім мен талпыныстың мекені. Ондағы әрбір кітап — жүрекке жол табар кілт, ал әрбір оқырман — жаңа әлемдерді ашушы ізденімпаз. Мен осындай қасиетті орында қызмет етіп жүргеніме мақтанымын. Әрбір оқырманның қолына дұрыс кітап ұстату арқылы мен оның өміріне, дүниетанымына, армандарына аз да болса нұр құйып жатқанымызды сеземін.

Болашақ кітапханаларын заманауи, қолайлы, тартымды және ең бастысы, үнемі жұмыс істейтін руханият ордасына айналдыру — біздің қасиетті борышымыз. Өйткені кітапхана өмір сүрсе — халықтың ой-сана-сы өмір сүреді, ал халықтың санасы тірі болса, ұлт мәңгілікке ұмтылады.

Кітапхана — адамды жақсылыққа жетелейтін, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға үйрететін ең ұлы ұстаз десе де артық емес. Әр ұрпақ кітап оқуға құштар болып, кітаппен дос бола білсе, онда ел де, ұлт та өркендей береді.

Бүгінгі таңда кітапқұмар жастарымызды Президенттің тарапынан үлкен қолдау мен ынталандырулар күтіп тұр — оқуға құмар, ізденімпаз жастарға түрлі марапаттар, тіпті автокөліктер де сыйға беріледі. Демек, әрқайсымыз өзімізді дамыту үшін көбірек кітап оқысақ, бұл ең алдымен өзіміздің пайдамызға, ал болашағымыз үшін — жарық жолға бастайтын нұр болмақ.

Севинч НУСРАТОВА,
Ташкент гуманитарлық пәндер университетінің 3-курс студенті.

Визит • Интернет, кирил • Латинизация

Нұрлы жол

Құрылтайшылар:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3696

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2310-6343

9 772310 634031

Кезекші редактор: Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@gmail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды.
Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 1126.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 04.10 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738